# Елдің рухани шөлін қандырды

**Еліміздің бас театры М. Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының әртістері қаламызға келіп өнер сүйер ағайынды бір серпілтіп тастады. Жерлесіміз, даңқты театр және кино актері Ә. БОРАНБАЕВТЫҢ туғанына – 70 жыл толуына орай өңірімізге гастрольдік сапармен келген театр ұжымы көрерменге 5 бірдей қойылымын ұсынды.**



Халық арасында әкем – театр аталып кеткен М. Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының жас әртістері мен бірге халыққа кино мен театр сахнасы арқылы кеңінен танымал: Меруерт ӨТЕКЕШОВА, Бақтияр ҚОЖА, Бекжан ТҰРЫС, Назгүл ҚАРАБАЛИНА, Есмұхан ОБАЕВ, Ғазиза ӘБДІНӘБИЕВА, Гүлшат ТУТОВА сынды сахна тарландары қаламызға арнай келген. Алматыдан келген әртістер алғашқы қойылымын Ә. Боранбаевтың туып – өскен жері Амангелді ауданынан бастады. Ол жерде И. Сапарбайдың «Сыған серенадасы» спектаклін батыр атындағы аудан жұртына ұсынды. Мұнан соң қаламызға келіп 7 – 10 маусым аралығында түрлі мәдени – рухани шараларға қатысты. Олардың қатарында Ә.Боранбаевтың 70 жылдығына арналған еске алу кеші, «Жасұлан» балалар жасөспірімдер орталығында – режиссер, М. әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театры директорының кеңесшісі Е.Обаевтың қатысуымен «актерлік шеберлік», кітапханада ардагерлермен кездесу, Ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ –да студенттермен кездесу – конференция бар. Ғ. Мүсіреповтің «Қыз Жібек», И. Сапарбайдың «Сыған серенадасы», Т. Нұрмағанбетовтің «Қожанасыр тірі екен» А. Володиннің «Қоштасқым келмейді» және Д. Исабековтің «Жүз жылдық махаббат» қойылымдары Арқалық Қазақ жасөспірімдер театрында 4 күн бойы өнер сүйер ағайынға рухани азық сыйлады. Әр қойылымда залда бос орын болмай, Арқалық халқы өнер десе ішер асын жерге қоятынын көрсете білді. М. Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының өңірімізге сапары Алаш қайраткері Мағжан Жұмабаевтың қилы тағдырына арналған тағылымды туынды Дулат Исабековтің «Жүз жылдық махаббат» қойылымымен қорытындыланды. Бағдарлама соңында қала жұрты әртістердің жоғары деңгейде өнер көрсеткеніне алғыстарын гүл шоқтары мен бағалы сыйлықтарымен жеткізсе, театр басшылығы Арқалық жұртының өнерді бағалайтын өресі биік екендігін айтып аттанды.

«АХ»